



№67 (519)  
20 сәуір  
сәрсенбі  
2011 жыл

# Алаш айнасы



**ДАТ!**

**Несіпбек АЙТҰЛЫ:**

## Астанадағы мұражай Сәкен мұраларына тарлық етіп отыр

Несіпбек АЙТҰЛЫ, ақын, Астанадағы С.Сейфуллин мұражайының директоры

– «Алаштың ардақты азаматы Сәкен Сейфуллиннің бейне-жазбасы табылыпты» деген жағымды ақпарат алып жатырмыз. Әңгімемізді осыдан бастасақ?

– Бейнежазба туралы сөз қозғамастан бұрын, Сәкен туралы айта кетейін. Көбі Сәкен Сейфуллинді Алаш арыстарының бірідеп шатастырып жатады. Ол кісі «Алаш» партиясының мүшесі болмаған. Сәкен – кеңес үкіметін саналы түрде мойындаған, сол үшін күрескен және «халқымды сол мұратқа жеткіземін» деген азаматтың бірі. Мүмкін, Сейфуллиннің бұнысы дұрыс та шығар? Өйткені менің көкейімде «Сол кезде қазақ халқы Алаш арыстары ұсынған жолға дайын ба еді?» деген сұрақ тұрады. Әлемді дүрсілкіндірген коммунистік идея жарты дүниені шарпығанда Орталық Азиядағы қазақ халқы қайда барады?

Алаш арыстары патшалық Ресей құлаған соң, талпынып бақты. Осы құрсаудан бір жола шығып кетсек екен деген ойлары болды. Алайда жойқын күшпен келе жатқан тап күресі деген бәле оған мүмкіндік бер мес еді. Ол арман ғана болатын, менің ұғымымда. Шынын айту керек, ол кезде халықтың дерлігі сауатсыз болды. Сәкен сол халықтың көрген қорлығы мен бастан кешкен азабын, аштықты, 1916-жылғы болған көтеріліс пен оны аяусыз жаныштауды көрді. Оның үстіне ол кезде большевиктердің «Одақ құрамында әр ұлт өз бетінше гүл денеді» деген сөзіне сенбеуге болмай тын еді. Сәкен солардың сөзіне иланды, қалтқысыз сенді. Бірақ бұл уәде орындалмады. Осы жолда болғандардың барлығы құрбан болды. Сол кездегі қазақ зиялыларының барлығыда Алаш болсын, қызыл болсын, өз халқына адал бола білді. Қалай болған күнде де халқын бостандыққа алып шығу еді армандары.

– Сәкеннің «Алаш» партиясында болмағанын тарихтан білеміз ғой?

– Оны сен білгенмен, елдің көбі білмейді. Сондықтан айтып жатырмын.

Сәкен Сейфуллин 28 жасында үкімет басқарып, 1938 жылы 25 ақпанда, бар болғаны 25 минутта ісі қаралып, 58-бап бойынша 43 жасында оққа байланып, опат болып кетті.

– Енді бейнежазбаға оралайық.

– Сейфуллин – халқы үшін өте көп еңбек сіңірген азамат. Бір ғана мысал, сол заманның өзінде мемлекеттік тіл мәселесін көтерді. Елдің шекаралық тұтастығы үшін күресті. Қоғам болып «араб әліпбиінен латын қарпіне көшеміз» деп шуылдап жатқанда, «Жоқ! Бұл халықты қолдан сауатсыз қылу» деп қарсы тұрды. Ол – ХХ ғасырдағы ұлы тұлғалардың бірі. Сондай алып тұлғаның тірі кезінде жазылып қалған бейнежазбасы табылып жатыр. Бұл – қуаныш, әрине. 1930 жылы Түркістан-Сібір теміржолының түйісу салтанатына арнап Абрам Роом деген белгілі режиссер-оператор «Түркістің ашылуы» деген деректі фильм түсірген екен. Сол жазбада Сәкен Сейфуллин

линнің қас-қағым сәті бейнеленіп қалыпты. Ай набұлақта (қазіргі Сарыөзек). Сонда Тұрар Рысқұлов сөйлегені белгілі. Бейнеде Сәкеннің атпен тұрған сәті бейнеленген. Мұны осыдан екі жыл бұрын мұражай қызметкерлері алып келген. Олар Мәскеу қаласында Сәкенге қатысты деректер жинауға барған болатын. Жазбаны «Красногорск қаласындағы кино-фото мұрағатынан» тапқан. Сол жерде бейнежазбаны сараптаған. Ақыры Сәкеннің өзі деген қорытынды шығарған. Сәкен Сейфуллин қызыл империяның қуғындауына түскені белгілі. Артынша, «партиялық тазалауға» ілініп, Ташкенттегі қызметінен босап, еліне оралады. Осы аралықта, яғни 1929-30 жылдары ол кісі жұмыссыз жүрген. Кейін інісі Мәжит екеуі салт атпен Алматыға жол тартады. Мұражай қызметкерлерінің пайымдауынша, Түркістанның ашылуына олар осы сапарында қатысқан көрінеді. Олай дейтініміз, інісі Мәжит Сейфуллин өзінің «Қыран ұшқан ұя» атты естелігінде Арқа мен Алатау арасындағы ұзақ жолда біраз уақыт жүргендерін айта келіп: «Сәкеннің мінгені қамыс құлақ, оқтаудай жұмыр теңбіл қара көк ат, үстінде қынама бел, қалың шапан, басында түлкі тұмақ, аяғында саптама етік, сырты қырша, іші қалаша киінген», – деп суреттейді. Сәкеннің атылар алдындағы суретімен өте ұқсас. Әсіресе, маңдайы өте ұқсайды. Бұның барлығын қорытындылай келіп, дыбыссыз фильмдегі адамның Сәкен Сейфуллин екендігіне күмәніміз қалмады. Бұл жаңалықты Сәкеннің атылған күні – 25 ақпанда қалың жұртқа жария еттік.

– Бәрекедді! Алаш үшін жанын берген ардақты азаматымыз туралы әлі талай деректер ашылмай жатқан шығар?

– Ол кісі туралы деректер өте көп. Зерттеу керек. Кезінде Орынборда шыққан газеттерде Сейфуллиннің орыс тілінде шыққан сатиралары бар дейді.

Қазақтың батырлары, ашаршылық-зұлмат жөнінде жазып жүрген Табыл Құлыяс деген жазушы бар. Сол кісі анықтапты. Біз ол шаруаны сол кісінің өзіне тапсырдық. Сәкеннің бұған дейін түскен тағы бір бейнесі бар екені белгілі. Ол пролетариаттар көсемі – В.И. Ленинді жерлеу кезінде түсірілген. Түлкі тымақты бейнесі қазір Мәскеу мұрағатында жатыр екен. Оны да алдыруға тырысамыз.

– Жасыратыны жоқ, Сәкенге тосырқай қарайтындар табылып жатады. Себебін өзіңіз де білесіз. Кеңесшіл, қызылшыл болды дегендей...

– Мен онымен келіспеймін. Кеңесшілдердің керегі жоқ дейтін болсақ, бізде ақын қалмайды. Жыр жампозы Жамбылдан бастап, Тайыр, Жұбан, Сырбай, Мұқағали тіптен бүгінгі бізге дейін сызып тастасын. Түгел кетейік.

Сондықтан осындай сөз дерге абай болуымыз қажет. Халқымыздың басынан не өтпеді? Не көрмедік? Адам өз өмірбаянынан бас тарта алмайды.

Сол секілді халқымыздың басынан өткен тағдырына тарих деп қарау керек.

– Жаңа бір сөзіңізде Сәкенге қатысты мемлекеттік тіл туралы йтып қалдыңыз. Тарихи деректерде Сейфуллиннің Совнаркомға төраға болып келгендегі ең алғашқы бұйрығы қазақ тіліне қатысты болса керек. Бұл бұйрық сақ талды ма екен?

– Бұл бұйрық, өкінішке қарай, қолымыз да жоқ. Ол кісі 1922 жылы Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болған кезде «қазақ тілі мемлекеттік тіл

болсын, іс-қағазы қазақ тілінде жүргізілсін, ол қазақ аудандары мен болыстарында 1924 жылдың 1 қаңтарынан шілдеге дейін жүзеге ассын. Ал 1 шілдеден ары қарай қазақ пен орыс аралас отырған жердің барлығында іс қағазы қазақ тілінде жүргізілсін», – деп бұйрық шығарғаны белгілі. Бүгінгі таңда бұйрықтың түпнұсқасын іздеу жұмыстарымен айналысып жатырмыз. Бұл туралы Сәкен өзінің «Еңбекшіл қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде шыққан мақалаларында айтылады. Тек бұйрық шығарып қана қоймай, мекемелер мен оқу орын дарына ашық хат жіберіп, мемлекеттік тілдің қай деңгейде орындалып жатқанын бақылап отырған. Мақаласында кейбір аудандарды да атап өтеді. «Мына облыс қазақ тілін осынша орындап жатыр» деп.

– Бұл бұйрық бір жерде сақтаулы деген дереккөзі бар ма?

– Бар. Әрине, дереккөзі бар. Ол бұйрық Орынбордың мемлекеттік мұрағатында жатыр. Бұған адамдар жібереміз. Ол – алдағы жылдың еншісіндегі дүние. Бізде қаржы мәселесі қол байлау болып отыр.

Іс-сапарларға биылғы бөлінгені 400 мың теңге ғана. Онымен қайда бара аласың? Жүріп-тұру, жатар орын, көлік мәселесі өте қиын. Сол себепті біздің іссапарымыз үшін жеткілікті қаржы бөлінуі тиіс. Амалын тауып бардық дегеннің өзінде Ресей тегін бермейді. Қазір бәрі сатулы. Сонымен қатар бізде мәдениет саласының қызметкерлерінің жалақысы өте төмен. Күні бойы шаңқауып, мұрағат ақтарып отырады. Ал алатыны 30-40 мың теңге ғана. Бұндай жағдаймен қалай жұмыс жүреді? Мәдениет саласының тұрмыс жағдайын көтермей, құр даурыққаннан ештеңе ұта алмаймыз. Атымыз дардай, ыс қырығымыз жер жарады. Ал материалдық деңгейіміз өте төмен. Мәдениет саласы мамандарының халі осындай.

– Мұражайға тоқталып өтіңізші?

– Бұл мұражайдың маңызы – өте зор. Оған үлкен құрметпен қарау керек. Алайда қазіргі мұражай таршылық етіп отыр. Қаншама құнды жәдігерлер шаң басып, жер төледе жатыр. Турасын айтқанда, мұражай болып тұрған бұл екі үй – Сәкендей тұлға үшін өте қораш орын. Тым болмаған да екі үйдің арасын қосып, жүз адамдық мәжіліс залы салынса, мұражай әрі жазушылар бас қосатын рухани орын болып тұрар еді. Кенесары мен Әуезов көшесінің қиылысында Сәкен қызмет еткен, 18-жылы кеңес үкіметінің Ақмолаға орнағанын сол үйдің балконын мінбер етіп, сөз сөйлеген тарихи үй бар. Сол үйді Сәкеннің мұражайы қылар ма еді? Ел-жұртқа ол кісінің саяси күрескер екендігін ғана айтамыз. Ал Сәкеннің жазушылығын, сазгерлігін, жаңашылдығын көп айта бермейміз. Қазақ поэзиясына Маяковскийдің стилін кіргізгісі келді. Үлкен-үлкен поэмалар жазды. Әрине, ол – Мағ жан емес, бірақ үлкен ақын. Совнаркомға төраға болды, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы болды. Басқаны былай қойғанда, алғаш рет Жазушылар одағын да осы кісі құрған болатын. Ол кісі қазақ елінің астанасы – Ақмола жерінде болса деп армандады. Сейфуллиннің тарихы осы Ақмоламен тікелей байланысты. Осы жерде оқыды. Осы жерде алғаш «Тіршілік» газетін шығарды. Саяси күресі де осы жерде басталды.

– Жәдігер демекші, соңғы жылдары халықты селт еткізген тағы бір жаңалық Сәкен Сейфуллин қаруының табылуы болды. Қазір ол қару мұражай төріне қойылған болар?

– Сәкен бұрын жұмыс істеген жерден бір қару – револьвер табылған болатын. Ол 2007 жылы Бөкейханов көшесіндегі Сәкен тұрған, жұмыс істеген, жалпы Ақмола өңірінің революция жолында жүрген зиялылары қызмет еткен Совдеп үйінен табылған болатын. «Тіршілік» газеті де сол жерден шығып тұрған. Сол үйді қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқан кезде құрылысшылар тауып алған екен. Үйдің төбесіне жасырылыпты. Тұп-тура Сәкен отырған кабинеттің бір түкпірінен. Мұқият шүберекке оралып, шұлыққа салыныпты. Оның сыртынан шұлғау оралған. Сегіз оғымен болған. Оқтаулы күйде табылған. Тауып алғандар ақыры ойланып, мұражайға хабарлаған. Сұраушылар көп болған көрінеді. Қыруар ақшаға сатып аламыз деп. Бұрын осы үйде Совдеп ғимараты болғанын, Сәкен Сейфуллиннің тұрғанын білген олар осында әкеліп тапсырды. Табылған қаруды Сәкен Сейфуллиннің қаруы деген жорамал жасап, біз қабылдап алдық. Шағын тапанша-револьвер 1806 жылы Ресейдің Тула қаласындағы «Оружейный» зауытында жасалған екен. Айтып отырғаныңыз осы жәдігер болуы керек. Бірақ қару нақты Сейфуллиндікі деген құжат жоқ. Негізі, қарудың нақты кімге берілгенін мұрағаттардан қарап, анықтауға болады.

– Ол қазір қайда? Мұражайға келушілер көре ала ма?

– Бұл туралы кезінде БАҚ арқылы ел-жұртқа құлағдар етілген. Қару табылғаны туралы Ішкі істер органдарына да хабарланған болатын. Олар негізінен мұрағатты ақтарып, анықтауға тиіс еді. Олай болмай жатыр.

– Онда «оны Ішкі істер министрлігі қабылдап алып, мұрағатты көтеріп жатыр» деген жалған сөз болды ма?

– Ол – жалған. Әлі бізде. Тығулы тұр. Құжаттары әлі жасалған жоқ. Ол алдымен тексеруден өтуі тиіс. Рұқсат қағазы болуы тиіс. Сосын барып, біз жазамыз. Бізде мынадай экспонат бар деп. Бізге тарихы керек. Нақты кімге берілген деген.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан

Бүркіт НҰРАСЫЛ